

Еуразиялық экономикалық одақ органдарындағы сыртқы аудит (бақылау) туралы ережеге өзгеріс енгізу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 22 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 12-бабының 2-тармағы 18) тармақшасына сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 33 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ органдарындағы сыртқы аудит (бақылау) туралы ереженің 10-тармағы "а" тармақшасы "жылдық жоспарды бекіткеннен кейін сыртқы аудит (бақылау) объектілерін сыртқы аудит (бақылау) іс-шараларын өткізу мерзімдері туралы хабардар етеді" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан